

Қарасу негізгі мектебі бойынша 2021-2022 оқу жылында ата-аналармен жүргізілген жұмыстар қорытындысы

Қарасу негізгі мектебінің директорының №20 бұйрығы негізінде ата-аналар комитетінің төрайымы сайланып, әкелер, аналар мектебі құрылды.

Ата-аналарды мектеппен, қоғамдық ұйымдармен өзара белсенді әрекет етуге тарта отырып, Қазақстандық ұлтжанды, төзімді, рухани құнды, рух-жігері шындалған, белсенді тұлға қалыптастыру мақсатында ата-аналармен жұмыс жоспары және әкелер мектебінің жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде ата-аналармен төмендігедей жұмыстар жүргізілді. Әлеуметтік педагогтың көмегімен мектеп оқушыларының отбасылық жағдайын талдау жасалып, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылар анықталды. Қолайсыз отбасылар анықталып олармен жұмыстар жүргізілді. «Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты арттыруда «Ашық есік күні» тақырыбында ата-аналарға жиналыс жасалып ашық есік күнінің маңызын түсіндіріп, ашық есік күні әр аптаның сәрсенбісі болып белгіленді.



Қыркүйек айы отбасы күніне орай «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында апталық іс-шара ұйымдастырылды. Апталық іс-шара негізінде «Отбасы ұлттың тірегі» тақырыбында 1-4-сынып, 5-9-сыныптар арасында сыныптан тыс шара, «Отбасы-шабыт көзі» тақырыбында мектеп кітапханашысының ұйымдастырумен кітап көрмесі, «Отбасым бақытым» сурет көрмесі, «Спорт болар серігің» отбасылық спорттық, «Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі мен құқықтары» тақырыбында дөңгелек үстел жұмыстары ұйымдастырылды.



«Компьютерлік ойындарының ұялы телефон бағдарламаларының зияны» тақырыбында мектеп ата-аналарын түгел жинап түсінік жұмысы жүргізілді. Мектеп психологы «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында дөңгелек үстел, мектеп тренері Г.С.Утемисова «Баланы адамгершілікке тәрбиелеу жолдары» тақырыбында коучинг, «Ана бақыты-бала бақыты» тақырыбында 9-сынып ата-аналарымен дөңгелек үстел, «Айтарым бар...» тақырыбында аналармен оқушыларды қол өнерге, асхана жұмысына үйретуге бағытталған шебер кластар, «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбында көп балалы өнегелі аналармен кездесу ұйымдастырылды.

Сонымен бірге аталған оқу жылында ата-аналарға арналған 5 кезекті, 1 кезектен тыс ата – аналар жиналысы өткізілді. Әр ата-аналар жиналыстарында өзекті тақырыптар қаралды. Атап айтсақ: алғашқы жиналыс қыркүйек айында «Отбасы және мектеп» тақырыбында өтілді. Тақырып төңірегінде ата-аналарды жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырып, ата-аналар комитетінің төрайымы сайланып, жұмыс жоспары талқыланып, ата-аналар жаңа оқу жылына арналған келісім шартпен танысып *(мектепке әкелуге тыйым салынған заттар мен*

смартфондар мен гаджеттерге тыйым салу) қол қойды, «Қауіпсіз мектеп», «Жол қауіпсіздігі» әдістемесімен танысу және оқушыларды үйірмеге тарту мәселелері көтерілді.



– зомбылықтың алдын

Қараша айында «Қылмыс – қоғамдағы қауіпті әрекет» тақырыбында екінші ата – аналар жиналысы өткізілді. Кезекті жиналыста «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу», «Айыппұл туралы не білеміз?» (кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық орын алған жағдайда ата – анаға берілетін айыппұл түрлері туралы), «Зорлық – алу дегеніміз не? (сауалнама), 1-тоқсан бойынша оқу, тәрбие жұмысының қорытындылары талқыланды.



«Мектепте оқытудың штаттық режимінде санитарлық талаптардың сақталуы» тақырыбында медбике түсінік жұмыстарын жүргізді.

Қаңтар айында «Кәсіптік білім беру – келешек кепілі» тақырыбындағы үшінші ата – аналар жиналысында мектеп психологы Ф.Ж.Калиева «Ата – аналарға балаларының мамандық таңдауына психологиялық көмек» тақырыбында тренинг өткізсе, әлеуметтік педагог М.О.Асанғалиева «Мамандықтар атласы» атты ойын – саяхат жасады. Сонымен қатар білім сапасының жетістіктері мен тәрбие бағытындағы жұмыстарға қорытынды жасалды.



Наурыз айында «Салауатты өмір – біздің болашағымыз» тақырыбындағы кезекті ата – аналар жиналысында «Жасөспірімдер арасындағы есірткі нашакорлығымен күресу және алдын алудың өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел, «Денім сау болсын десең ...» тақырыбында сауалнама алынып, ағымдағы мәселелер талқыланды.

Мамыр айында «Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры» тақырыбында қорытынды ата-аналар жиналысы өтілді. Жиналыс барысында балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру, демалыс лагеріне қамту, жазғы каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелері талқыланып, ата-аналар комитетінің жұмысы қорытындыланып, балалары жетістікке жеткен ата-аналарға алғыстар білдірілді.

Әкелер клубымен өтілген жұмыстар:



Қыркүйек айында әкелер клубының жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде әкелермен мұғалімдердің бірлескен түнгі кезекшілік жұмыстары жүргізілді.

«Әке - асқар тауым еңселімің, Қадір мен қасиетімнің өлшемісін» тақырыбында мектеп психологы 5-9-сынып оқушыларының әкелері арасында дөңгелек үстел жұмысын, мектебіміздің аға тәлімгер 1-4-сынып оқушылары арасында



«Әкемен өткізген бақытты сәттерім» тақырыбында фото суреттер көрмесін және аталар арасында «Аталардың ақ батасы» тақырыбында аталардың бата беру челленджін ұйымдастырылды.

Аналар клубымен өтілген жұмыстар:

Оқу жылының басында аналар мектебінің жоспары құрылып, мектеп құрамына 5 ана мүше болып кірді.



«Анамен сырласу», «Қызға қырық үйден тыйым» аналармен мектебі мүшелерімен кездесу , «Әдем анамен сұлу» мерекелік құттықтау жұмыстары өтті. Аналар мектебінің мүшелері мектепішілік өткен ірбір жұмыстарға белсенді қатынасып, атсалып отырды.



Жалпы ата-аналармен жоспарланған барлық іс-шаралар уақытылы жүргізіліп, жоспар нәтижелі жүзеге асырылды. Ата-аналар мектептегі барлық іс-шараларға, ашық есік күндеріне, жиналыстарға белсенді қатынасты. Барлық өтілген іс-шаралар уақытылы мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланып, дәлеледеме құжаттары (жоспар, фото, сурет) жинақталды.



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.Т.Дуйсегалиева